



# ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

Тілді меңгеру. 1-бөлім

6-тарау. Тілді меңгеру





Алдыңғы дәрістерден байқағанымыздай, тіл аса күрделі мәселе. Дегенмен бес жасқа дейінгі кішкентай балалар өз тілінің грамматикасында кездесетін күрделі жүйенің көпшілігін біледі. Олар сандарды бір-біріне қосуды немесе аяқкиімінің бауын байлауды үйренбестен бұрын, етістіктер мен зат есімдердің орнын ауыстырып, сұрақтарды жүйелеп, сөйлемдерді болымсыз түрге айналдырып, есімдіктерді дұрыс қолданып, бұрын естімеген сөйлемдерді қиындықсыз ұға алады.

Балалардың тілді сөйлемдерді жаттау арқылы үйренбейтіні мәлім. Осыған дейін де айтқанымыздай, олар ереженің грамматикалық жүйесін қабылдайды. Балаларды ешкім грамматикалық ережелерге үйретіп, белгілі бір тілдік нұсқаулықпен таныстырмайды. Егер ата-ана тіл маманы болмаса, өз тілінің фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік және семантикалық ережелерін жақсы білмейді. Балалар бұл ережелер туралы тіл шеберлерінен естіп біледі. Бұл үшін олар белгілі бір ортаны қажет етпейді. Әртүрлі мәдениеттер мен әлеуметтік жағдайларға байланысты әртүрлі тілде сөйлейтін балалар өздерінің ана тілін аз уақыт ішінде мүмкіндігінше тура жолмен жетілдіреді. Басқа балалар ауызша сабақ өткен кезде, саңырау балаларға ата-анасы сабақты жазбаша үйретіп жатады. Қоршаған орта құбылмалы десек те, балалардың туа біткен тілдік үлгісі болады. Оны лингвистер әмбебап грамматика деп атайды.

Құрылымдық тәуелділік қағидаты лингвистикалық кірістің төмендеуінің бір жолын көрсетеді. Тәуелділік құрылымы грамматикалық ережелердің иерархиялық құрылымға тәуелді екенін білдіреді. Мысалы, ағылшын тіліндегі сұрақтарда көмекші сөздің орнын ауыстыруға байланысты ереже мысалдағы сөйлемде берілген, сұрақтың құрылуы сөйлемдегі тек бірінші көмекші сөзге емес, негізгі көмекші сөзге де бағытталады. The boy is sleeping. → Is the boy sleeping? Балаларға құрылым тәуелділігі жөнінде ақпарат берілмейді. Оларға құрылым немесе грамматиканың дерексіз қасиеттері жөнінде айтылмайды. Балалар үшін сөйлемнің жинақталғаны емес, дыбыстардың жүйелілігі маңызды. Бірақ балалар ережелерді ойша сипаттай алады. Балаларға сөйлем құрудағы белгілі бір ережелерді меңгерудің қажеті жоқ. Бұл грамматикалық аспектілер баланың туа біткен тілдік ерекшеліктері болып саналады.

Балалар өздерінің айналасындағы тілді меңгереді. Мысалы, ағылшын тілінде сөйлейтін балалар зат есімнің бірінші, ал етістіктің зат есімнен бұрын келетінін естиді: яғни, олар ағылшын тілінің SVO екенін біледі. Жапон балалары SOV тілін меңгереді. Олар заттың етістіктен бұрын келуін ересектерден естіп біледі.

Тіл үйрену процесі адамның биологиясына негізделген және қоршаған ортаны лингвистикалық ақпаратпен қамтамасыз етеді. Лингвистикалық теорияның негізгі мақсаттарының бірі – тілдерді меңгерудің логикалық мәселелерін шешу. Олай болса, тілді меңгерудің еркіндігі, жылдамдығы және біркелкілігі неден көрінеді? Мұның бір жауабы ретінде балалардың күрделі грамматиканы жылдам әрі оңай, ештеңенің көмегінсіз қабылдай алатынын айтуға болады. Бала сөйлеген кездегі сөздер мен сөйлемдер соған дейінгі жинақтаған грамматикалық ережелерінің сәйкестігіне орай қолданылады.

Ересектер мен балалардың сөйлеу ерекшеліктері болса да, оларға ортақ көптеген жалпы қасиеттер бар. Ересектер секілді балаларда да зат есім тіркесі және етістік тіркесі секілді грамматикалық категориялар болады. Әрине, ересек адамның грамматикасымен салыстырғанда баланың грамматикасында көптеген қателік кездеседі, бірақ, бұл зерттеушілерге баланың грамматиканы қалай меңгеретінін зерттеуге жол ашады. Балалардың бойында барлық грамматикалық аспектілерді қабылдай алатындай биологиялық қабілет бар.

Балалар ақ парақтай таза санамен өмірге келеді деген тұжырым бар. Сонымен бірге жаңа туған сәбилер айналасындағы кейбір өзгерістерге назар аударады деген де дәлелдемелер бар. Сәбилер адамның бет-бейнесіне, арақашықтық айырмашылығына, қатты және иілгіш заттардың қасиеттеріне назар аударады. Сонымен қатар тілдің әртүрлі қасиеттеріне өте тез жауап қата бастайды. Сәбилердің тамақтану кезінде белгілі бір күш арқылы емуін тездететінін және тіртіркендіргіш әрекеттер әсерінен емуді баяулататынын тәжірибе көрсетіп отыр. Жүргізілген тест нәтижесінде балалардың таныс дыбыстар мен сөздерді естіген кезде назар аударып, құлақ түретіні белгілі болды. Олардың өзге дыбыстарды естіген кезде айырмашылықтарын ұғына алатыны анықталды. Бұл түйсікті жауаптар балалардың түрлі лингвистикалық стимулдарды айыра алу және танып білу қабілетін айқындауға көмектеседі.



Сәбилердің туыла салғанда-ақ кез келген тілдегі фонемалық дыбыстарды қабылдай алатын қабілеті болады, олар кез келген тілді меңгере алады. Бастапқы бір жылдық өмірінде сәбидің жұмысы айналасындағы тілдің дыбыс күшін жою болып саналады. Шамамен алты айдан кейін ол дыбыстарды ажырату қабілетінен айырыла бастайды.

Баланың лингвистикасы оның сөйлеу дыбыстарын ғана емес, туындыларын да қалыптастырып, дамытады. Былдырлау адам ақыл-ойының бастапқы кезеңінен лингвистикалық ақпаратқа да жауапты екенін көрсетеді. Шамамен алты айлық болғанда нәресте былдырлай бастайды. Осы кезеңде шығарылған дыбыстар үйде сөйлесетін тілде жоқ көптеген дыбысты қамтиды. Алғашқы жылдың соңына қарай тек қана мақсатты тілде пайда болатын дыбыстар мен дыбыс комбинацияларын қосады. Былдырлау дыбыстары арқылы сөздер айта бастайды. Олар белгілі бір мағынаға ие болмауы мүмкін. Қазіргі таңда ағылшын тілінде сөйлейтін ересек адамдар ағылшынша былдырлайтын нәрестені кантон немесе араб тілінде былдырлайтын нәрестелерден айыра алады. Өмірінің алғашқы жылында нәрестенің сезімі мен өнері айналасындағы тілде жақсы реттеледі.

Еститін балалар мен саңырау балалардың былдырлауы балалардың лингвистикалық қабілетін көрсетеді. Төрт айдан жеті айлыққа дейінгі нәрестелер фонетикалық нысандардың шектеулі жиынтығы арқылы сөйлей бастайды. Нәрестелер былдырлау кезінде әлем тілдерінің 95%-ында жиі кездесетін 12 дауыссыз дыбысты қолданады. Ерте жастағы былдырлау негізінен ана, аға және әке тәрізді дауысты-дауыссыз дыбыстарды алмастырып қайталаудан басталады. Кейінірек бала тіліндегі былдырлау түрленеді яғни, өзгеріске ұшырайды. Осы жастағы саңырау балалар ым арқылы сөйлей бастайды. Бұл – шектеулі белгілер жиынтығы. Олар дүниежүзіндегі саңыраулар қоғамында қолданылатын қолтаңба тілдерінің элементтері болып саналатын қолмен оқылатын кітапты пайдаланады. Әрбір жағдайда формалар ықтимал дыбыстардың жиынтығынан немесе ауызша және жазбаша тілдерде болатын қимылдардан алынады.

Жалпыға ортақ қалыптасқан көзқарас бойынша, адамдар лингвистикалық мағынаны білдіретін бірліктерді анықтауға бейім болып дүниеге келеді. Сондай-ақ нейрондық дамудағы генетикалық белгілі бір кезеңде нәресте осы бірліктерді, дыбыстарды немесе қимылдарды шығара бастайды. Бұл әңгімелесу және тілдерді сатылап алудағы ең ерте кезең болып саналады. Бір жасқа толғаннан кейін біраз уақыт өткен соң, бала бірдей дыбыстарды қайталап, бірдей сөзді қолданып, алғашқы сөздерін айта бастайды. Бұл кезде баланың жасы оның ақылымен сәйкес келмейді. Балалардың көбі сөйлегенде бір сөзден тұратын мағынасы бар сөйлем айта алады. Бұл голофрастика немесе «тұтас тіркес» деп аталады және бір сөзден тұратын сөздердің тұтас мағынасын білдіреді. Саңырау балалардың алғашқы сөздері сөйлеуден бұрын белгілер арқылы дамиды. Бұл балада ым белгілерінің дамуына әкеледі және есту қабілеті бар балалар бұл кезде «сүт», «жарақат» және «ана» сияқты әртүрлі «белгілерді» үйренеді. Белгілер сөздерден ертерек пайда болады деген қате ұғым. Баланың қолданатын белгілері олардың лингвистикалық даму деңгейін көрсетпейді.

Сөйлеу – тыныс үзілістері арқылы сәл ғана кідіріс жасайтын ұзақ ағын. Интонацияның бұзылуы әрқашан сөзге немесе сөйлем шегарасына сәйкес келмейді. Ересек адам сөйлейтін сөзге құрылымды енгізу үшін тілдің лексикасын және грамматикасын қолдана алады. Зерттеулерге сәйкес нәрестелер үздіксіз сөйлеуден ақпарат ала алады. Ағылшын тілінде сөйлейтін балалардың сөздер шегарасын анықтау үшін пайдаланатын белгілерінің бірі – екпін.

Ағылшын тіліндегі әрбір сөз мазмұнының екпінді буыны бар. Егер сөз мазмұны біртұтас болса, *dóg* және *hám* сөздеріне екпін түсіреді. Екі буынды сөздердің мазмұны хорей болуы мүмкін яғни, екпін бірінші буынға түседі, мысалы, *ráper* және *dóctor*. Ал ямб екінші буынға екпін түсіру дегенді білдіреді, мысалы, *giráffe* and *device*. Ағылшын тіліндегі сөздердің басым көпшілігі хорейлік. Екпін нәрестелерге өте ыңғайлы. Олар өз тілдерінің ырғағын тез түсінеді. Бір жасқа толмай тұрып, олар қоршаған орта тілінің ырғақты үлгісін қабылдайды. Тоғыз айлық кезінде ағылшын тілінде сөйлейтін балалар өзі сияқты баланың сөзін тыңдауға тырысады. Балалар алдымен кейбір сөздерді оқшаулау үшін статистикалық қасиеттерге сүйенуі мүмкін. Содан кейін осы сөздерге сүйене отырып, олар кейіннен сегменттеу үшін пайдаланатын тілдің ырғақты, аллофондық және фонотактикалық қасиеттерін де үйренеді. Сөздердің сегменттелуіне арналған екпінге қарсы статистикаға сүйенсек, нәрестелердің сенімділігін



өлшейтін зерттеу жұмысы сөздің екі деңгейдегі үлгісін қолдайды: кішкентай жеті жарым айлық нәрестелер жиілікке жауап береді, дәл сол уақытта үлкенірек тоғыз айлық нәрестелер буындық, аллофондық және фонетикалық ақпараттарға қатыса алады. Көптеген анекдоттық хабарламалар осы кезеңдегі баланың сөйлеуі мен қабылдауының арасындағы сәйкессіздікті көрсетеді. Мысал ретінде лингвист пен оның екі жасар ұлы арасындағы айырмашылықты алуға болады. Бұл жастағы бала *mouth* деген сөзді [maʊs] деп айтады.

Father: What does [maʊs] mean?  
Child: Like a cat.  
Father: Yes, what else?  
Child: Nothing else.  
Father: It's part of your head.  
Child: (fascinated)  
Father: (touching A's mouth) What's this?  
Child: [maʊs]

Баланың 'mouse' және 'mouth' деген сөздің бірдей дыбысталмайтынын түсінуі үшін бірнеше секунд уақыт кетеді. Балалар ересектердің сөзін дұрыс естімейді. Олар естігенмен, бастапқы кезде өздігінен сөйлей алмайды. Сол себепті осы кезде баланың грамматикалық деңгейін анықтау мүмкін емес, себебі, мұндай жағдайда фонология тек сөйлеуді ғана бақылайды. Баланың негізгі білімін анықтау үшін әртүрлі эксперименттік және аспаптық әдістерді жиі қолдану қажет.

Баланың алғашқы сөздері алмастырулардың көптігін немесе бір фонеманың басқа фонеманы білдіретінін көрсетеді. Алдыңғы мысалдарда альвеолярлы ызың [s] дыбысының тісаралық ызың [θ] дыбысымен алмастырылып, *mouth* [maʊθ] сөзінің *mouse* [maʊs] деп айтылғанын көрдік; [j] дыбысы [i] жұмсақ дыбысына ауысып, *light* [laɪt] сөзі *yight* [jaɪt] деп дыбысталады және [r] дыбысының [w] жұмсақ дыбысына ауысып, *rabbit* сөзі *wabbit* деп дыбысталады. Жылысулар жұмсақ дыбыстарға қарағанда ертерек айтылады және ізінше солардың орнын ауыстырады. Дәл сол сияқты альвеолдар тісаралық дыбыстарға қарағанда ерте меңгеріледі және айтылым барысында олардың орнын алмастырады. Бұл алмастырулар ересектер үшін аса қиындық туғызбайды.

Фонологиялық жүйелілік туралы қосымша айтар болсақ, ол баланың сөздікті ерте меңгеретіні, сөздерді қалай қолданатыны және сөз мағынасын қалай құрастыратыны жөніндегі түсінікті қамтиды. Нәтижесінде балалар ересек адамдардың сөздерін түсіне бастайды. Мұны қалай түсіндіруге болады? Көп адам тілді меңгерудің осы аспектісін үлкен мәселе ретінде қабылдамайды. Бұл – интуитивті құбылыс яғни, балалар нысанға қарайды, анасы сөзді айтады және бала дыбыстарды нысанмен байланыстырады.

Сөз мағынасын меңгеру құпиясы философтар мен психологтарды ғана емес, тілшілерді де қызықтырды. Біз барлық балалардың өмірге бірдей көзқараспен қарайтынын және сөздің мағынасын анықтау үшін оларға жалпы қағидаларды қолданатынын білеміз. Мысалы, *Ball* сөзі дөңгелегі бар барлық сөзге қатысты, *bunpu* сөзі мамық заттарға қатысты айтылады. Бірақ балалар түстің негізінде мағынаны жалпыламайды. Эксперимент барысында олар нысандарды құрастырып топтастырады және оларға атау қояды, бірақ, олар қызыл түсті нысандарға атау бермейді.

Балалар өмірінің алғашқы алты жылында күніне шамамен он төрт сөз үйренеді. Бұл жылына шамамен 5000 сөзге дейін жетеді. Баланың морфологияны меңгергенінен күрделі ережелерді үйрене алатынын байқауға болады. Балалардың флективті морфологиядағы қателіктері баланың грамматиканың қарапайым ережелерін меңгергенін көрсетеді. Бұл жалпылаулар бұрыс етістіктер мен зат есімді бұрыннан тұрақты құбылыс ретінде қабылдаған кезде орын алады. Демек, балалардың *bringed*, *goed*, *drawed*, *runned*, *foots*, *mouses* және *sheeps* деуіне таңғалуға болмайды. Бұл қателіктер балаларға тіл үйрену барысында көп ақпарат береді, өйткені, мұндай нысандар имитация арқылы пайда болмайды.

Шын мәнінде, балалар бұрыс етістікті меңгерудің үш деңгейінен өтеді:

1-деңгей      2-деңгей      3-деңгей



Broke            brokead        broke  
Brought        bringed        brought

Бала ересектер сөздерді тыңдап, өздеріне күрделі хабарды жеткізуге тырысады деп ойлайды. Эксперимент әдістері көрсеткендей, осы кезеңде балалар кейбір синтаксистік ережелер туралы біледі. Нәрестелер естіген сөйлеммен сәйкес келетін бейнеге ұзақ уақыт қарауға бейім. Бұл әдіс зерттеушілерге жалғыз сөзді ғана қолданатын немесе мүлдем сөйлемейтін балалар туралы лингвистикалық дәйек табуға мүмкіндік береді. Нәтиже көрсеткендей, он жеті жасқа дейінгі балалар «Ernie is tickling Bert» және «Bert is tickling Ernie» сияқты сөйлемдер арасындағы айырмашылықты түсінеді. Бұл сөйлемдердің бәрінде бірдей сөздер болғандықтан, бала мағыналарды түсіну үшін тек сөздің мағынасына ғана мән бермейді. Ол сөз тәртібінің заңдылықтарын және субъекті мен объектінің грамматикалық қарым-қатынасын да анықтай алуы қажет. Он сегіз айлық баланың өзі субъекті мен What is the boy hitting? және What hit the boy? деген wh-сұрақтар объектісінің арасындағы айырмашылықты біледі. Осы және басқа да өзіміз көріп жүрген балалардың лексиканы меңгеруі және грамматиканың басқа да құрамдас бөліктерін дамытуы балалардың өнімділік қабілетінің алдындағы синтаксистік білімін көрсетеді. Балалар екі жасқа толғанда нақты синтаксистік және семантикалық қатынас арқылы сөздерді байланыстырып, сөйлем құрай бастайды.

Төмендегі айтылымда осы жастағы балалардың айтылым үлгілері көрсетілген:

allgone sock	hi Mommy
bye bye boat	allgone sticky
more wet	it ball
Katherine sock	dirty sock

Бұл жердегі ерте жаста айтылған сөздер семантикалық және синтаксистік қарым-қатынастардың әр түрін көрсете алады. Мысалы, Mommy sock секілді, анасы баласының шұлығын кигізген жағдайда зат есім + зат есім сөйлемдерінің қатынасы орнайды немесе бала анасына шұлықты көрсеткен жағдайда субъект + объект тәуелдік септігінің қатынасы орын алады. Sweater chair сияқты екі сөз бағыныңқы-басыңқы қатынасты көрсету үшін қолданылады. Оның мағынасы 'Жемпір орындықтың үстінде тұр' немесе dirty sock сияқты сөздердің атрибуциясын көрсетеді.

Балалар өсе келе сөздерді өзгерту арқылы байланыстырып айта бастайды. Баланың тілдік дамуына хронологиялық жас мөлшері әсер етпейді. Зерттеушілер мұның орнына прогресті өлшеу үшін бала айтылымының орташа ұзақтығын пайдаланады. Айтылымының орташа ұзақтығы – баланың белгілі бір кезеңде шығаратын сөздерінің орташа ұзақтығы. Айтылымының орташа ұзақтығы әдетте морфемалар бойынша өлшенеді, сондықтан, boys, danced және crying сияқты сөздердің әрқайсысының екі мәні бар.

Ерте жастағы балалар сөйлеу барысында a, the секілді функционалдық сөздерді I, we есімдіктерін, can, is көмекші етістіктері мен тілдің кейбір жіктік жалғауларын дұрыс қолдана алмайды яғни, көптеген айтылым тек ашық топтан немесе жабық сөздерден тұрады. Ол кезде кейбіреулері функционалдық сөздер, көмекші етістіктер мен жіктік жалғау болмауы мүмкін. Балалар осы кезеңде көбінесе мәтіндік хабарламаны жіберіп жатқан сияқты не ескі үлгідегі жеделхатты оқып жатқан сияқты дыбыс шығарады. Мұндай айтылымдар кейде «телеграфтық сөйлеу» деп аталады және біз мұны баланың тілін дамытудың телеграфтық кезеңі деп атаймыз. Балалар барлық грамматикалық морфемалар мен көмекші етістіктерді дәйектілікпен қолданғанға дейін бірнеше ай өтуі мүмкін. Дегенмен бала функционалдық сөздерді ересектер сияқты әдейілеп тастап кетпейді. Сөйлемдер баланың тілдік дамуының белгілі бір кезеңінде лингвистикалық қабілетке әсер етеді.

Телеграф кезеңі барысында балалардың сөйлемдеріндегі функционалдық морфемалар толыққанды болмаса да, иерархиялық құрылымның элементі болуы мүмкін және ересектер грамматикасындағыдай синтаксистік ереже де болады. Мысалы, балалар өз тілдеріндегі сөзжасам заңдылықтарын ешқашан бұзбайды. Ағылшын және жапон тілдері сияқты сөзжасам тәртібі қатаң түрде орналасқан тілдерде сөзжасам тәртібін ерте кезеңнен бастап пайдалана



бастайды. Түрік және орыс тілдерінде, сондай-ақ, еркін сөз тіркесі бар тілдерде субъекті мен объекті сияқты грамматикалық қатынастар бар. Кейіпкерлерді белгілейтін тілдерді меңгерген балалар бұл морфологияны тез меңгереді. Мысалы, орыс және неміс тілінде сөйлейтін балалар кейіпкері бар объектілерді және өте аз қателіктері бар анықтаушы жағдайдағы объектілерді тани алады. Сонымен қатар балалар кейде артикльдерді пайдаланғанда прагматикалық мәліметінің жоқ екенін көрсетеді. Есімдіктер сияқты артикльдердің түсіндірмесі мәнмәтінге тәуелді. «The boy» тіркесіндегі the артиклі спикер мен тыңдаушының қандай бала туралы айтылып жатқаны түсінікті болу үшін сәтті пайдаланылады.

Әңгіме барысында a/an белгісіз артиклі жаңа референт туралы бірінші рет ескерткен кезде пайдаланылады, бірақ, аталмыш артикль келесі ескертулерде мысалдар секілді пайдаланылуы мүмкін:

A boy walked into the class.  
He was in the wrong room.  
The teacher directed the boy to the right classroom.

Балалар артикльдерге арналған прагматикалық заңдылықтарды үнемі ескере бермейді. Эксперименттік зерттеу үш жасар баланың жаңа референтті таныстыру үшін the артикльді пайдалана алатынын көрсетті. Балаларды бірнеше ай не бірнеше жыл бойы педагогикалық аспектілерді меңгеру үшін бақылауға болады, олар анықтауыштар мен есімдіктерді қолданады. Прагматиканың басқа аспектілері өте ерте меңгеріледі. Тіпті голофрастика кезеңінде балалар өздерінің бір сөзден тұратын айтылымдарын әртүрлі түсініксіз жағдайда пайдалана алады. Екі жасар бала көмекші сөзді айтпаса да, ол болымсыз сөйлемдер мен сұрақтарда көрініс тапқан.

Телеграф кезеңіндегі балалар келесідей сұрақтарды қоя алады:

Иә-Жоқ сұрақтары	Wh сұрақтары
I ride train?	What he eat?
Mommy eggnog?	Where Daddy go?
Have some?	What dat train doing?

Ағылшын тіліндегі иә-жоқ сұрақтарының типтік үлгідегі өсу интонациясы бар. Алайда ешқандай көмекші етістіктің болмауына байланысты бала ағылшын тілінде сұрақ қою үшін нақты синтаксистік құрылымды пайдалана алмайды. Сондай-ақ Wh сұрақтары көмекші етістіктерде қолданылған кезде де кемшіліктер болатынын, бірақ, олар бала өзіне қажетті грамматикалық заңдылықтарды білетінін көрсетеді.

Тіл дамуының кезеңдері әмбебап болғанымен, олар бала меңгере алатындай белгілі бір грамматика негізінде қалыптасқан. Телеграфтық кезең барысында немісше, французша, итальянша және ағылшынша сөйлейтін балалар көмекші етістіктерді тастап кетеді, бірақ, олар болымсыз сөйлемдер мен сұрақтарды әртүрлі жолмен құрады. Себебі ересектердің тіліне қарағанда сұрақ пен болымсызға айналдыру ережесінде айырмашылық бар. Бұл бізге тілдің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді яғни, балалар дамудың өте ерте кезеңдерінде ересектердің меңгеріп жатқан тілінің ережесін сезе алады. Сондай-ақ, олардың қоршаған ортаға тез, нақты бейімделетін фонология сияқты, олардың синтаксистік жүйесі де осындай бейімделу құбылысын бастан өткереді. Балалар телеграф сатысында тұрса да, синтаксистің кейбір аспектілерін өте ерте меңгереді. Осы ерте дамудың көпшілігі осыған дейін айтылған ӘГ көрсеткіштеріне сәйкес келеді. Балалардың ерте кезінен бастап көп сөз айтуы олардың тіліндегі дұрыс сөз тәртібіне байланысты және олар бір сөз айтатын кезеңде де сөз тәртібін түсінеді.

Әмбебап грамматика көрсеткішінің үлгісіне сәйкес бала бірінші кезекте сөз тәртібін дұрыс қалыптастыруға міндетті емес. Керісінше, ол екі нақты мағынаны таңдай алады. Ағылшын тілінде сөйлейтін бала негізгі етістік қосымшалардың алдында тұратынын тез айқындай алады; ал жапон тілінде сөйлейтін бала өз тілінің негізі және қосымшасы бар екенін бір мезетте жақсы анықтай алады. ӘГ басқа да көрсеткіштері етістік қозғалысының ережесін қамтиды. Кейбір тілдерде етістік құрылымдық тіркесте етістік тіркесінің жоғары тұсына көшуі мүмкін. Басқа тілдерде, мысалы ағылшын тілінде етістіктер қозғалысқа түспейді. Етістіктің қозғалыс көрсеткіші балаға таңдау жасауға мүмкіндік береді. Өзіміз көргендей, голланд және итальян



тілдерінде сөйлейтін балалар «мүмкіндік беретін» етістік қозғалысының көрсеткішін жылдам таңдайды және олар қозғалыс етістігі арқылы сұрақтар құрады. Ағылшын тілінде сөйлейтін балалар көмекші етістіктер болмаса да, ешқашан етістік қозғалысынан қателік жібермейді. Екі жағдайда да балалар өз тілдеріндегі көрсеткіштерді дұрыс қолданады. Ағылшын тілінде сөйлейтін балалар көмекші етістіктер мен көмекші сөздердің ережесін меңгергеннен кейін де, соларды етістікке қосу жөнінде шешім қабылдай алмайды. Бұл көрсеткіш дамудың ерте сатысында орнатылған гипотезаны қолдайды. Бұл жағдайда балаға етістік қозғалысы ережесін қалыптастыру қажет емес; оған етістік қашан қозғалатыны және қайда қозғалатыны маңызды емес. Мұның бәрі әмбебап грамматикадан бастау алады.

Саңырау ата-анадан туған саңырау балалар болады. Құлағы еститін балалар табиғи жолмен ауызша тілді қалай үйренсе, дәл солай саңырау балалар да ым-ишарат тіліне табиғи жолмен келеді. Жазбаша және ауызша тілдердің әмбебап грамматикасын ескере отырып, ауызша тілді қатар меңгеру кезеңіндегі саңырау балалардың тілдік дамуына таңдануға болмайды. Былдырлайтын саңырау балалар голофрастика кезеңінде жалғыз белгілерді жалғыз сөзге дейін жеткізеді, ақыр соңында белгілерді біріктіре бастайды. Сондай-ақ функционалдық белгілері түсіп қалатын телеграфтық кезең де бар. Функционалдық белгілерді пайдалану саңырау балаларға ауызша тілдің функционалдық сөздерін жүйелеуге көмектеседі.

Алғашында әртүрлі тілдегі сұрақтардың құрылуы көптеген құрамдас бөліктердің күрделі құбылыс екенін көрдік. Олардың кейбіреуі ертерек, ал басқалары дамудың соңғы сатыларында меңгеріледі. Ым тілін меңгеру барысындағы Wh сұрақтарында wh сөзі түпнұсқада қалуы мүмкін. Ым тілін меңгеруде көмекші сөздерді айту кезінде қозғалыс болмайды, бірақ, сұрақ бастың еңкеюімен және қастың қыртысымен қойылады. Бұл ым тілдерін меңгеру глоссалары whq арқылы көрсетіледі.

Қолмен басқарылатын маркерлер – ым тілін меңгеру грамматикасының бір бөлігі. Бұл қарқынды ырғаққа ұқсайды, біз оны ағылшын тілінде немесе басқа да ауызша тілдерде сұрақ қою үшін пайдаланамыз. Кейде ым мен ауызша тіл меңгерудің арасында параллель де болады. Мысалы, кейбір ым тілін меңгерудегі грамматикалық морфемалар семантикалық тұрғыдан айқын. Сол себепті олардың берер мағынасы ұқсас; мысалы, 'I' есімдігіне арналған белгіде спикер оның кеудесін нұсқап тұрып көрсетеді. 'You' есімдігіне арналған белгі адрес иесінің кеудесін нұсқайды.

Жоғарыда аталып өткендей, екі жастың айналасындағы балалар ауызша тілден көбінесе I және You өзіндік есімдіктерін меңгеріп алады. Бір қызығы, осы жастағы ыммен сөйлейтін балалар тілі жақсы дамыған балалармен бірдей қате жібереді. Олар 'You' деген мағынаны білдірер кезінде өздерін көрсетеді және 'I' деген мағынаны білдірер кезде келесі адамды нұсқайды. Ым тілін меңгеріп жатқан балалар бұл нақты белгілердің айқындығына немесе белгілі екеніне қарамастан сөйлейді. Себебі ыммен сөйлейтін балалар аталған есімдіктерге жай ғана ыммен нұсқамай, тілдік белгі ретінде қарайды.

Ым тілін білмейтін, еститін ата-анадан туылған саңырау балалар туғаннан бастап тілді меңгеру барысында айтарлықтай қиыншылыққа тап болады, себебі, көбінесе қарапайым тіл естудің кері байланысына тәуелді. Саңырау бала сөйлеп үйрену үшін естімейтін адамдарға арналған мектептерде оқуы керек немесе арнайы бағдарлама көмегімен дайындықтан өтуі керек. Олар ауызша оқытудың қарқынды түрімен оқыса да, еститін балалардың білім деңгейіне жете алмайды. Өкінішке қарай, бұл бірнеше жылға созылып кетуі мүмкін. Балалар қарапайым ым тілін білмей тұрып, ым тілінің келесі деңгейіне көше алмайды. Адамдардың тілді меңгеру түйсігінің мықты болғаны соншалық, ойлары мен ниетін білдіру үшін саңырау балалар қол көмегімен қимылдарды көрсете бастайды. Осындай алты баланы зерттеу олардың тек жеке белгілерін ғана емес, біріктірілген жұптар мен белгілі бір синтаксистік тәртіп пен жүйелік шектеумен қалыптасқан сөйлемдерін де дамытқанын көрсетті. Бұлар – тілдің толық дамуы емес. Ым тілін меңгерудің белгілі бір жүйесі бар және лингвистикалық жағынан да күрделі.